

Карантиндік режимді енгізе отырып, карантиндік аймақты белгілеу туралы

Күшіні жойған

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2023 жылғы 12 маусымдағы № 131 қаулысы.
Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2026 жылғы 13 наурыздағы № 58 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 13.03.2026 № 58 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының "Өсімдіктер карантині туралы" Заңының 9-1 бабына сәйкес және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Батыс Қазақстан облыстық аумақтық инспекциясының 2023 жылғы 27 ақпандағы № 3-13/122 ұсынуы негізінде, Батыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының 1, 2, 3, 4, 5 - қосымшаларына сәйкес Батыс Қазақстан облысының аумағында карантиндік режимді енгізе отырып, карантиндік аймақ белгіленсін.

2. "Батыс Қазақстан облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі осы қаулының Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Батыс Қазақстан облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Н.Турегалиев

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің
2023 жылғы 12 маусымдағы 131
қаулысымен
бекітілген

Карантиндік арамшөп – жатаған (қызғылт) (*Ascorptilon repens D.C.*) уекіре бойынша залалданған алаңдардың көлемінде Батыс Қазақстан облысы аумағында карантиндік режим енгізілген карантиндік аймақ

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 07.02.2025 № 27 қаулысымен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі).

--	--	--	--

№	Ауданның (қаланың) атауы	Залалдану алаңы (гектар)	Ошақ алаңы (гектар)
1	Ақжайық	2643,6	158,6
2	Бәйтерек	27002	289,6
3	Бөрлі	7293	33,95
4	Жәнібек	354	35
5	Казталов	97	41
6	Сырым	9630	253,23
7	Тасқала	8742,4	39,03
8	Теректі	51820,1	262,82
9	Шыңғырлау	1587,4	26,11
10	Орал қаласы	8556,7	37,8
	Облыс бойынша	117726,2	1177,14

Батыс Қазақстан облысы
әкімдігінің
2023 жылғы 13 маусымдағы
№ 131 қаулысымен бекітілген

Карантиндік арамшөп – көпжылдық ойраншөп (*Ambrosia psilostachya* (D.C.)) бойынша залалданған алаңдардың көлемінде Батыс Қазақстан облысы аумағында карантиндік режим енгізілген карантиндік аймақ

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 16.02.2024 № 39 қаулысымен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі).

№	Ауданның атауы	Залалдану алаңы (гектар)	Ошақ алаңы (гектар)
1	Бәйтерек	104	62,5
	Облыс бойынша	104,0	62,5

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің
2023 жылғы 12 маусымдағы №131
қаулысымен
бекітілген

Карантиндік арамшөп – арам сояу (*Cuscuta sp.sp*) бойынша залалданған алаңдардың көлемінде Батыс Қазақстан облысы аумағында карантиндік режим енгізілген карантиндік аймақ

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 07.02.2025 № 27 қаулысымен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі).

№	Ауданның (қаланың) атауы	Залалдану алаңы (гектар)	Ошақ алаңы (гектар)
1	Бәйтерек	279,5	1,9069
2	Бөрлі	75	0,0033
3	Теректі	72	0,15

4	Шыңғырлау	152	0,12
5	Орал қаласы	2,925	0,0534
	Облыс бойынша	581,425	2,2336

Батыс Қазақстан облысы
әкімдігінің
2023 жылғы 12 маусымдағы
№ 131 қаулысына 4-қосымша

Карантиндік зиянкес – жұпсыз жібек көбелегі (*Lymantria dispar* L. (asian race)) бойынша залалданған алаңдардың көлемінде Батыс Қазақстан облысы аумағында карантиндік режим енгізілген карантиндік аймақ

№	Ауданның атауы	Залалдану алаңы (гектар)	Ошақ алаңы (гектар)
1	Бәйтерек	556,8	556,8
2	Бөрлі	430	430
3	Теректі	215	215
4	Шыңғырлау	29,6	29,6
	Облыс бойынша	1231,4	1231,4

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің
2023 жылғы 12 маусымдағы №131
қаулысымен
бекітілген

Орманның карантиндік зиянкесі – қауын пыбыны (*Myiopardalis pardalina* (Bigot)) бойынша залалданған алаңдардың көлемінде Батыс Қазақстан облысы аумағында карантиндік режим енгізілген карантиндік аймақ

Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 07.02.2025 № 27 қаулысымен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі).

№	Ауданның атауы	Залалдану алаңы (гектар)	Ошақ алаңы (гектар)
1	Бәйтерек	3,0	3,0
	Облыс бойынша	3,0	3,0